



**Бақыт БІЛӘЛОВ,**  
 геология-минерология ғылымдарының  
 докторы, профессор, ҚР Минералдық  
 ресурстар академиясының академигі,  
 Мұса мырзаның шөпшегі

## ШОРМАН ҰРПАҚТАРЫ

### Сәдуақас Мұсаұлы

Мұса мырзаның кіндігінен тараған төрт ұлының үлкеі Сәдуақас (Сәкен ағай) 1850 жылы Ақкелін жерінде туып, 1927 жылы қайтыс болып, сол атақонысындағы қорымға қойылған. Кезінде орысша білім алған, өз заманының терең ойлы адамы Сәдуақас өнер мен әдебиетті сыйлай білген және ақындық дарыны өте жоғары кісі болған. Ел іші оны қатты құрметтеп, «Сәкен аға» деп атаған екен. Сәдуақас екі жас-тан он жасына дейін атасы Шорманның қолында болады. Сол жерде ол алғаш мұсылманша тіл сындырып, білім алып, Құран қағидаларымен танысады. Жасы жеткенде Сәдуақасты әкесі Мұса Омбының гимнази-ясына беріп, оны бітіргесін Томскінің университетіне түсіреді. Бірақ сырқаттануына байланысты оны бітіре алмаған. 1909 жылы Қазан қала-сындағы баспадан Сәдуақас Мұсаұлының «Аңшы» деп аталатын кітабы жарық көреді.

Сәдуақастың басқа туыстарынан бір ерекшелігі, ол дуанбасы Мұсаның үлкен баласы бола тұра мансап қуып, би, болыс секілді мәр-тебелі қызметке ұмтылмаған.

«Бермен қайт, шырқап көңілім аспандамай,

Іше бер, халал болса ас тандамай.

Аяғым, қара жерді ойғандай бас,

Жабырқап, сүйретіліп, ақсаңдамай!» – деп өзі өлеңінде жазғандай,

Сәдуақас көбінесе ел ішінде ағарту ісімен айналысып, шаруасын бағып,

рухани-тәрбиелік мәні бар шаруалармен ғана шұғылданған. Орысша, мұсылманша сауаты мол Сәдуақас қашанда заман аңысын андып, алдын болжап, саясат пен қоғамдық істерден хабардар болып отырған.



Суретте: Сәдуақас Шорманов

Бұл жөнінде Кәрімтай Өкпеұлы өзінің «Арғын-Мейрам шежіресі» атты кітабында жазады. «Осы әңгімені маған Дінше Біләл немересі айтып» – еді деп жазады және. Аталмыш оқиға 1920 жылы болған екен. Бірде Сәкен ағай Шорманнан тараған бар әулетті өзінің үйіне жинап, оларға ақыл-кеңес айтады.

– Мен бүгін осы дәмнің үстінде сендерге бір мәселені айтқым келіп отыр. Мұқият тыңдап және дұрыс түсініңдер. Менің орыс газеттерін оқитынымды білесіңдер. Осы газеттер қазір Ресейде байлар мен кедейлердің арасында қиян-кескі соғыс болып жатқанын жазады. Және кедейлер жағы күн санап үстем болып барады. Ол жақта қазір дәулеті бар адамдар көп қиындық көруде.

Енді бірер жылдың ішінде осы зобалан бізге де келеді. Егер келе қалса, осы отырған бәрінді «Шорман ұрпағы» деп, мал-мүліктерінді тартып алып, қаңғыртып жібереді. Сондықтан бүгінгі күннен бастап қолда бар мал мен мүлікті сатып ақшалап, Ресейдің Петербор, Омбы секілді ірі қалаларына көну керек. Балалар сол жақта орысша білім алып, өмірден өз жолдарын табар еді, – дейді.


Сәкен ағаның бұл сөзіп естіген аналар шу ете қалады: «Ойбай, не деп отырсыз, қайда барамыз?! Бізге бұл жерден артық қоныс табыла ма? Ел мен жұрт сыйлайды бізді, бұндай байлық басқа жерден табыла ма?! Бұндай құрметті бізге басқа жерде көрсете ме?!».

Ағайынға сөзін өткізе алмаған Сәкен аға: «Байлық деген – қолдың кірі, бір жуылса кетеді де қалады, ендігі байлық білімде, орыс тілінде, соны оқындар, байлыққа сенген адам далада қалады!» – деп қынжыла түсіндірген екен.

Айтқандай, Сәкен ағаның өзі заманның тыныштау кезінде өмірден өтіп, ал қалған Шорман ұрпақтары кеңес билігі келгенде тоз-тоз болып кеткенін тарихтан білеміз. 1927 жылы Сәкен ағайды Павлодар қаласына сотқа шақырады. Аккеліндегі үйден шығарда ол кісі: «Адамның сотына жеткенше, Алланың сотына бұрынырақ баратын шығармын!» – деген екен. Расында да солай болып, қалаға жетпей, орта жолда қайтыс болады.



*Суретте солдан оңға қарай түрегеп тұрғандар: Тұрсын Қабышұлы, Асфандияр Әмір-Темірұлы, Напига Сәдуақасқызы және Әлихан Жәржанұлы. Отарғандар: Сәдуақас Шорманов екі әйелімен*



*Сәдуақас Шорманұлы кезінде орыс халқының зиялы адамдарымен хат жазысып тұрған. Төменде оның белгілі саяхатшы, географ, этнограф Г. Потанин мен оның әйеліне жазған бірнеше хаттарын ұсынып отырмыз.*

### **Бірінші хаты**

#### **Многоуважаемый Григорий Николаевич!**

*Старое знакомство наше даёт мне полное право поздравить Вас и любезнейшую супругу Вашу Александру Викторовну с благополучным возвращением из дальнего и вместе с тем трудного, но полезного пути.*

*В Ваше долгое отсутствие, (Вы выезжали из России) мы лишились любимого нашего отца М. Чорманова, который считал Ваше с ним знакомство и всегдашнее доброе расположение за величайшее счастье. Мы, желая сколько-нибудь познакомить русскую публику с жизнью покойного, просили находившегося у них письмоводителя гос. Г. Путинцева, бывшего слишком 20 лет в самых близких отношениях с нашим отцом, написать небольшой очерк под названием «Воспоминания о покойном Мусе Чорманове», который и был, по нашему настоянию, отослан в редакцию «Восточного обозрения» для помещения в газете, в полной надежде на издателя оной Н.М. Ядринцева. Но, к крайнему сожалению, его не напечатали в газете; вероятно, он нашёл его плохо написанным и, может быть, вовсе негодным для печати. Мы же были уверены, что Н.М., как хороший знакомый отца, извлечёт из него нужное и напечатает, но этого им сделано не было. Вам ведь хорошо известно, что в степи нет образованных людей, и мы довольствуемся тем, что имеем.*

*Как я уже сказал, раз записка о жизни папаши находится у Н.М., то не будете ли настолько добры, что её возьмёте у него, прочитаете и, если найдёте в нём что-либо достойное напечатания (разумеется, с исправлением слабых мест), отдадите в печать и по напечатанию один экземпляр вышлете мне. Если же ещё что нужно Вам знать о наших кайсаках, то у меня имеются списки с докладных записок отца, которые были подаваемы высшему начальству, – напишите мне, я их Вам вышлю.*

*На могиле отца поставили мраморный памятник, обнесённый железной решёткой. Памятник выписан из Екатеринбурга, и его привёз к нам в Аккелин сам мастер В.А. Свечников. О смерти отца можете всё подробно узнать из записок.*

*Мы все, слава Богу, здоровы, кроме жены моей Нуриды, она по-прежнему болеет и посылает Вам свои нижайшие поклоны.*

*Жду Вашего ответа и остаюсь Вас уважающим.*

*Садвокас Чорманов,  
10 февраля 1887 г., урочище Аккелин*

**Екінші хаты**

**Глубокоуважаемый Григорий Николаевич, дорогая Александра Викторовна!**

Свидетельствуем Вам наше доброе расположение. Ваше январское послание, оставленное в Омске у Еркебуланова, мы получили здесь же 20 февраля. Большое и большое спасибо за внимание...

...Если у Вас появится желание написать в ближайшее время письмо, то пишите в Омск на имя Аблайханова для передачи мне.

В настоящее время казахские дети стали обучаться в разных учебных заведениях. В гимназии их учится 19 человек, в кадетском корпусе – 5, в учительской семинарии – 4 и в техническом училище 2 воспитанника. Всего обучающихся в учебных заведениях города Омска 30 казахских детей, один учится в Петербургском университете. Это Сыртанов. Хорошо было бы, если найдёте возможность повстречаться с ним и, по силе возможности, оказать ему поддержку. Прошу также передать от меня привет Н.М. Ядринцеву, хотя он со мной не знаком, но по памяти моего отца, с которым он был знаком.

Уважающий Вас и Вашу супругу  
Садвокас Мусаулы Чорманов,  
25 февраля 1887 г., г. Омск

**Үшінші хаты**

**Любезнейший Григорий Николаевич!**

До этого я Вам писал одно письмо, которое, надеюсь, Вы уже получили. В том письме я не успел сообщить подробно, почему я приехал в Омск. Я намеревался через Хамилю подать докладную записку на имя генерал-губернатора, а теперь раздумал и оставил свои намерения, ибо Чистяков и другие не одобряют. Эту же записку направил в редакцию газеты «Восточное обозрение» для публикации. Если можно, я просил бы Вас просмотреть её, отредактировать и сгладить резкие места, задевающие самолюбие высших чиновников, и затем печатать так, чтобы нас потом не упрекали. В случае публикации записки прошу сообщить мне письмом, я всегда готов сообщить Вашей газете о нуждах казахского народа. Если в моих заметках окажутся недочёты, прошу их восполнить и надеюсь, что Вы уберёте всё лишнее и ненужное.

Нурида шлёт привет Александре Викторовне.

Неизменно уважающий и почитающий Вас.

Садвокас Чорманов,  
март, 1887 г.

**Төртінші хаты**

**Высокоуважаемая Александра Викторовна, Высокоуважаемый Григорий Николаевич!**

Получив ответную телеграмму от Вас, я был крайне удивлён, что до сего времени, оказывается, не получен Вами портрет покойного Чокана Валиханова, посланный в прошлом в 1887 году 3-го ноября из города Павлодара в С.-Петербург на имя редакции «Восточное обозрение» с передачей Вам.

Поэтому прошу Вас просить в редакции «Восточного обозрения», если не окажется там, то сообщите мне в станицу Баян-Аул для разыскания в почтовом ведомстве и вручения Вам.

О Вашем настоящем местопребывании я узнал по приезде моём в Омск от Ивана Александровича Козлова. Я сего числа отправляюсь пароходом в свой аул. Портрет этот был послан мною согласно Вашему письму, посланному через господина султана Аблайханова, который постарался тотчас же отправить это письмо ко мне в аул, но отсутствие моё на некоторое время заставило исполнить Вашу просьбу лишь 3-го ноября, но, оказывается, не получен Вами до сих пор. Просим принять наше сердечное почтение. Будьте здоровы!

Садвокас Чорманов,  
26 апреля 1888 г., г. Омск.

**Кемел Ақышұлы Ақышев**

1924 жылы Керегетас деген жерінде туып, 2003 жылы Астана қаласында қайтыс болған. «Алтын адамды» тапқан атақты археолог, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Герман археология институтының мүше-корреспонденті.


Отызыншы жылдардың зобалаңы копбалалы Ақышевтар отбасына да үлкен трагедия әкелді. Ел ішін аштық жайлағасын, Кемелдің ата-анасы Қараганды барады. Осы жерде әйелі мен екі кішкентай қызы аштан өлгесін, Ақыш Шорманов қалған балаларымен Омбыға қарай бет бұрады. Бірақ бұл жақта да ешбір жақсылық күтін тұрған жоқ еді. Омбы жерінде Ақыштың өзі және үлкен қызы қайтыс болады.

Кемелді аман алып қалған Жезқазған жерінде геологиялық барлау партиясының басшысы болып жүрген анасының інісі Қаныш Сәтпаев.

Қаныш Омбы жерінде панасыз қалған туыстары жайлы естіп, аштықтан әлсіреген, жастары 5-тен 14-ке дейінгі бір топ баланы жинап, үйіне алып келеді. Кейін бірер жылдың ішінде бұл балалардың бәрін туыстары тауып, алып кетеді. Ал, ата-анадан айырылған Кемел біржолға Қаныштың қолында қалады. Тіпті оныншы класты бітіргенше Сәтпаев деген фамилиямен жүріпті. Тек кәмелеттік аттестат аларда ғана, Қаныштың рұхсатымен өз атасының тегіне көшкен екен.

Алматыда онжылдықты бітірген Кемел Воронеждегі байланыс училищесінде тоғыз ай оқып, 1943 жылы соғысқа алынады. Майданда Воронеж, Сталино, Донбасс, Тирасполь т.б. қалаларды жаудан азат етуге қатысып, 1944 жылы Молдавияның Бендеры қаласының түбінде оң қолынан қатты жарақат алады. Үш айдан соң майданнан босап, елге оралады. Дәрігерлер жаралы болған оң қолын бұрынғы қалпына келтіреміз деп әрекет еткенімен, ол болмайды. Осы себептен Кемел жасынан армандаған геология мамандығына баруға мүмкіндік ала алмаған. Сөйтіп нағашысы Қаныштың ақылымен ҚазМу-дың тарих факультетіне түседі. Университетті бітіргесін, КСРО Ғылым академиясы Археология институтының Ленинград бөлімшесінің аспирантурасына жіберіледі. К. Ақышев 1954 жылдан Іле, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан жерлеріндегі кешендік археологиялық зерттеулерге басшылық жасаған. Әр жылдары әлемдік деңгейде танылған қазу жұмыстарына жетекші болды. Бұл – Бесшатырдағы сақ пирамидалары, «Алтын адам» табылған Есік қорғаны, Отырардағы қазба жұмыстары т.б.

Ол 200-ден артық ғылыми еңбектердің авторы. Бұлардың көбі шет ел тілдеріне аударылған. 1967 жылы «Орталық Қазақстандағы көне мәдениет» атты ұжымдық еңбек үшін Қаз.ССР-і Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болған. 1982 жылы К. Ақышевқа Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығы беріледі.





*Теңдік ауылындағы әулеттік қорымда жатқан Мұса мырзаның қабірі. Құлпытас сол кезде Петербургтен арнайы жасалып әкелінген*



*Жәржан (Жармұхамет) Біләлұлы Шорманов және бір кезде бұл кісінің жары болған әнші-композитор Майра Уәлиқызы. Серік Жақсыбаевтың «Қаржас ұрпақтары» атты кітабында Жәржан 1885 Ақкелінде туып, 1915 жылы Омбыда туберкулезден қайтыс болды деген дерек берілген*



*Суретте солдан оңға қарай түрегеп тұрғандар: гимназияда оқып жүрген Шормановтар – Әлихан Жармұхаметұлы, Жүрсін Қабышұлы. Отырғандар: Жанмұхамет (Көкен) Біләлұлы, Шамшиябану Исақызы, Мағмура Асфандиярқызы және Асфандияр Әмір-Темірұлы*



*Суретте солдан оңға қарай түрегеп тұрғандар: Мұхтарима Жанмұхаметқызы, Арслан Жанмұхаметұлы. Отырғандар: Дінмұхаметтің зайыбы Шахжисхан Рахметоллақызы кішкентайы Саясатпен, Мамеш Жанмұхаметұлы, Жанмұхамет Біләлұлы және Дінмұхамет Біләлұлы (1929—30 жж.)*

### Ақкеліннің соңғы болысы

Шорманов Нүркіш (Нұрмұхамет) Біләлұлы 1898 жылы Ақкелінде туып, 1970 жылы Қарағанды қаласында қайтыс болды. Сүйегі Теңдік ауылындағы Мұса бабамыздың анасы Топан әжемізден бастап, барлық туыс-туғандарымыз жерленген Шорман әулетінің қорымында жатыр.

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында Нүркіш есімі Нүкіш болып жазылып жүр. Нүркіштен: «Сіз болыс басқардыңыз, өзіңіздің байлығыңыз туралы айтыңызшы» – дегенде, «Қызығын көрмеген байлықты әнгімелеп қайтеміз!» – деген екен.

#### *Шорман әулетінен тәркіленген мал мен дүние-мүлік 27.08.1928 ж.*

| Реттік саны | Аты-жөні        | Жасы | Отбасындағы адам саны | Тәркіленген  |  |
|-------------|-----------------|------|-----------------------|--------------|--|
|             |                 |      |                       | Ірі мал басы | Дүние-мүлік  |
| 1           | Жәми Мұсаұлы    | 75   | 8                     | 506          | 1 киіз үй, 1 ағаш үй, 1 саман үй, 3 арба, 2 тарантас |
| 2           | Зында Исаұлы    | 65   | 5                     | 1148         | 3 киіз үй, 1 ағаш үй, 7 арба, шөп шабатын машина     |
| 3           | Кәрім Зындаұлы  |      | 5                     | 348          | 1 киіз үй, сарайларымен 4 бөлмелі саман үй           |
| 4           | Нүркіш Біләлұлы | 36   | 4                     | 4            | 2 киіз үй, қыстау                                    |

Таблицада көрсетілгендей, тәркілеу кезінде Шорманның басқа ұрпақтары аса бай болғанда, Нүркіште мал басы төртеу ғана болған екен. Бірақ ол да тәркілеуге ілінеді.

Алпысыншы жылдары біздер Қарағандының ескі қала жағында тұрғанда, Нүркіш өзінің ағасы, менің атам Көкеннің (Жанмұхамет) халін біліп келіп тұратын. Бірде ол: «Не деген білімсіздік, осылай істеуге бола ма екен?!» – деп қатты ашуланып келді. Үлкендер одан не болды деп сұрап еді, сөйтсе бір адам көшеге хабарландыру іліп, одан екі қате кеткен екен.

– Бір сөйлемнен екі қате жіберін, соны бүкіл ел көретін жерге ілуге бола ма екен?! – деп ренжіді Нүркіш ағам.

Үлкендер оған: «Не істейсің, білімсіз бір адам жазған шығар» – десе, ол: «Білімсіз болса, білімі барлардан сұрап алмай ма!» – деп күйіп-піседі. Міне, кеңес үкіметі қадірлемеген Шорман әулетінің бір ұрпағының білім деңгейі осындай еді!

1970 жылы Абай қаласында тұрған Нүркіш Біләлұлы қатты ауырды. Менің анам Шәкім (Шахжихан) оны таксимен Қарағандының облыстық емханасына әкеліп жатқызды. Науқасы ауыр болған соң, әйелі Аксенова



*Суретте Нұрмұхамет (Нүркіш)  
Білалұлы, әйелі Полина Ивановна,  
қызы Надежда және ұлы Русланмен*

жайлы біліп, туыстардың хал-жағдайын сұрап жататын. Бірде ол маған:  
– Мені ата-бабам аруақтары өзіне шақырып жатыр. Сен шамаң келсе мені солардың қасына жерлегейсің, – деген. Мен орындаймын деп уәде бердім.

Ол кісі емханада қайтқан соң, тәртіпке сәйкес, мәйітін жарып тексерді. Ағамызды Аккелін болысының соңғы басқарушысы ретінде білетін көптеген адамдар жаназасына қатысқысы келіп, он шақты адам Нүркіштің қызының үйіне жиналып отыр екен. Маған олар: «Мәйітті зурелеп 180 шақырым жерге апарып жүреміз бе, Қарағандыда қояйық» – деген.

Бірақ мен ақсақалдарға Нүркіш атамның өзін Аккелінге апарып қоюымды өтінгенін және әкемнің дайындық жасауға Теңдікке жүріп кеткенін айттым. Ертеңінде екі машинамен Теңдікке қарай бет алып шықтық. Жолда маған Полина Ивановна: «Нүркіш маған тек күйеу ғана болған жоқ, ол менің ұстаз-ақылшым еді, соның арқасында өмірде көп нәрсені үйреніп едім» – деп ағынан жарылған еді. Ол кісінің осы сөзінен өзінің жарына, балаларының әкесіне деген шексіз құрметі сезіліп тұрғанын байқадым.

Бұл 1970 жыл болатын. Төңкерістің алдындағы қазақ тұрмысын көзімен көрген көптеген ақсақалдардың ауылда әлі де бар кезі. Ұмытпасам, Насыр деген кісінің әкесі болуы керек, маған келіп: «Қарағым, Аккеліннің соңғы болысын өз жеріне әкеліп қойғаныңа көп рахмет. Өзін де елге қарай оралсайшы, саған лайық жұмыс осы жерден де табылады ғой» – дегені есімде. Мен ол кісіге әзілдеп: «Ауылдан политехникалық институт ашылса, қуана-қуана келер едім» – деп едім. Міне, оған да елу жылға тарта уақыт өтіп кетіпті.

Әрине, бұл күнде өсіп-өнген Шорман ұрпақтары баршылық. Барлығы да өмірден өз орындарын тапқан адамдар. Олардың барлығын бұл жерде келтіріп жатуды жөн көрмедім. Тек елге аттары белгілі біраз ұрпақтарының ғана ғұмырбаяндарына шолу жасап өттім.